

Педагог-логопедтің 2023-2024 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары

Бекітемін

Мектеп директоры

Ә.А.Рахымбаева

**ЖШС «Жас-Дарын 3» бастауыш мектебінің педагог-логопедінің
2023-2024 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары**

Шымкент қаласы

Педагог-логопедтің мақсаты: Оқушылардағы ауызша және жазбаша сөйлеу тіліндегі бұзылыстарын анықтау және түзете-дамыту жұмыстарын жүргізу, сөйлеу тілі бұзылыстарының алдын алу.

Міндеттері:

-Оқушыларды тексеру, олардың дамуындағы ауытқушылықтарының құрылымы мен байқалу айқындығын анықтау, логопедиялық тексеру нәтижелері бойынша тұжырымдама жасау және оларды рұқсат етілетін көлемде ата-аналарына және педагогтарға (оқушылар дамуындағы мәселелерде және оларды жеңуде бағдарлау мақсатында) жеткізу;

-Түзету жұмыстарының міндеттерін, формасын, тәсілдерін анықтау, бастапқы сөйлеу тілдік бұзылыстардың салдарынан туындауы мүмкін туынды бұзылыстардың алдын алу, оқушылардың дамуындағы жүйкелік-психикалық ауытқушылықтарды жөну, сөйлеу тілдік бұзылыстарды барынша түзетуге бағытталған жеке даму бағдарламасы аясындағы түзете-дамыту жұмысын жүргізу; оқушылардың ары қарай қоғамда бейімделуін қамтамасыз ету;

-Сабақ өткізу үшін оқушыларды психофизикалық және сөйлеу тілдік жағдайын есепке ала отырып, топтастыру;

-Түзету жұмысын ұйымдастыру барысында педагогтардың кәсіптік құзыретін жоғарлату бойынша шаралар өткізу;

-Оқушылармен түзете-дамыту жұмысының жеке бағдарламасын жүзеге асыруды мониторингілеу;

-Мектеп және жанұя жағдайындағы сөйлеу тілдік бұзылыстары бар оқушылармен жұмыс бойынша педагогтарға, мамандарға және ата-аналарға кеңес беру;

-Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметі мен психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиум жұмысына қатысу;

-Нормативтік құжаттарға сәйкес өзінің кәсіптік біліктілігін арттыру.

Р/с	Іс- шаралар	Жұмыс түрі	Нысаналы топ	Орындалу мерзімі	Есептік нысан
-----	-------------	------------	--------------	------------------	---------------

І.Диагностикалық бағыт.

1	Балалардың сөйлеу тілін тексеруді өткізу	Сұрақ-жауап, сауалнама	1 -4сынып	Желтоқсан айы	Анықтама
2	Логопункта тіркелген балаларды қайта терең тексеру	Сұрақ-жауап, сауалнама	1-4 сынып	Желтоқсан айы	Логопункте тіркелген балалар тізімі
3	Сөйлеу карталарын толтыру	Сөйлеу картасы	1-4 сынып	Қаңтар айы	Сөйлеу тілінің карталары
4	Дыбыстық айтылудың коррекциясы бойынша және дәптер жүргізу	Тапсырма	1-4 сынып	Жыл бойы	Дәптер
5	Оқушыларға жеке диагноз бойынша жұмыс жоспар жасау, диагнозын анықтау, қорытынды алу	Сауалнама, диагностикалық зерттеу	1-4 сынып	Желтоқсан-Қаңтар айы	Диагностикалық зерттеу

II. Түзету – дамытушылық бағыт.

1	Оқушыларға жеке сабақ құру, жоспар жасау	жоспар	оқушылар	Қаңтар айы	анықтама
2	Үйлестірілген қимылдарын , артикуляциялық гимнастика жаттығулардың жиынтығын орындау	Артикуляциялық гимнастиканың жиынтығы	Жеке оқушылар	Сабақ барысында	Артикуляциялық жаттығулар жиынтығы
3	Дыбыстардың қойылымы, шақырылуы, дыбыстарға автоматизация	Дыбысты айтудың коррекциясы	жеке оқушылар	Сабақ барысында	Хаттама
4	Фонематикалық есту қабілетін дамыту, есту қабілетін байқау	Дыбыстық талдаудың қалыптасуы	жеке оқушылар	Сабақ барысында	Хаттама
5	Дидактикалық ойындар мен жаттығулар арқылы жалпы және ұсақ моториканы дамыту	Қолдың саусақтарын жұқа дифференциялық қимылдармен ынталандыру	жеке оқушылар	Жыл бойы	Хаттама

IV.Консультация беру (кеңес беру)

1	Сабаққа бейімделуде кездесетін негізгі проблемалар»	кеңес беру	1-4сынып	Өз уақытында	Хаттама
2	Білім алушыларға бейімделу кезеңінде қолдау көрсету мәселелері бойынша кеңес беру	кеңес беру	ата-аналар	Өз уақытында	Хаттама
3	Мұғалімдердің сұранысы бойынша кеңес беру	кеңес беру	педагогтар	Өз уақытында	Хаттама
4	1-4сынып білім алушылардың ата-аналарына жеке дара кеңес беру	кеңес беру	педагогтар	Өз уақытында	Хаттама